

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.1 - Б. 37-39

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАНТ ҚЫЗЫЛША ЕГІСТІГІНДЕГІ ӨРМЕКШІ КЕНЕНІҢ ЗИЯНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

*Ибрагимова Г.М. магистрант,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті*

Елімізде ауыл шаруашылығын дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы барған сайын кеңейіп келеді. Оның ішінде отандық тұқым шаруашылығын оңтайландырып арттыруға да айрықша көңіл бөлініп отыр. Осы бағытта қант қызылшасына ерекше назар аударыла бастады. Себебі қант өндірісіне пайдаланатын негізгі шикізат қант қызылшасы болып табылады [1].

Қант өнеркәсібі тамақ өнеркәсібі құрылымындағы қажетті салалардың бірі болып табылады және бірқатар елдердің экономикаларында маңызды рөл атқарады. Қант әлемнің 100-ден астам елінде өндіріледі және барлық жерде тұтынылады. Әлемде қант тұтыну өседі. ФАО бағалауы бойынша қантты әлемдік тұтыну 2015 жылдан бері 170-180 млн. тоннаға дейін артқан.

Қант қызылшасы өнеркәсіптік дамыған және дамушы елдерде де өндіріледі. Оның өндірісі шикізаттың екі көзіне - қант қызылшасы мен қант қамысына негізделген. Табиғи-климаттық жағдайларға байланысты Қазақстандағы қант қызылшасы қант өндіру үшін жалғыз отандық шикізат болып табылады, сондай-ақ қосымша малазықтық дақыл ретінде құндылық танытад.

Тұқым өндірісі жөнінен біз елдің тұтыну деңгейінен әлдеқайда артта қалдық. Тұқым нарығында импорттық тұқым 95% құраса, ал, отандық өнімнің үлесі бар болғаны 5% ды құрайды. Қант қызылшасы өндірісі көлемінің жеткіліксіздігі есебінен республикаға жыл сайын орта есеппен 255 мың тонна көлемінде құрғақ қант шикізаты импортталды [2].

Қазіргі уақытта аграрлық ғылымның алдында тұрған негізгі міндеттерінің біріне қант қызылшасының өнімділігін арттыру және сол арқылы өңір фермерлерін дақылды өсіруге ынталандыру үшін оның ғылыми негізделген өсіру технологиясын жасап, оның зиянды ағзаларымен күресу шараларын ұйымдастырып, өндіріске ұсыну жатады.

Қазақстанда қант қызылшасы Жамбыл, Алматы облыстарының суғармалы жерлерінде өсіріледі. Жамбыл облысы бойынша 4394 гектар жерге қант қызылшасы егілген. Сол себепті зерттеу Жамбыл облысында жүргізілді. Жалпы қант қызылшасына зақым келтіретін көп деген зиянкестер бар, соның ішінде кең таралғаны өрмекші кене болып табылады. Өрмекші кене – өте ұсақ көпқоректі зиянкестердің бірі. Олар ерте көктемде қыстық орындарынан шығып, алдымен арамшөптерді қоныстанып, кейін егістікке ауысады. Өрмекші кенелерге көктемгі, жазғы және күзгі зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Кенелер жапырақтың төменгі жағына өрмегімен торлап орналасады (атауы да осыдан шыққан). Ересек кенелер мен дернәсілдер жапырақ сөлін сорып зақымдайды, соның салдарынан өсімдік қурап қалады. Әрине, бұл өнімнің кемуіне де, оның сапасына да әсер етеді. Қызылша өнімін 40-50%-ға дейін кемітеді. Кенелер бір маусымда 13-15 ұрпаққа дейін береді [3].

Кәдімгі өрмекші кененің фенологиясы:

- арам шөптерде қоректенуі-15 сәуір.
- шағылысуы - мамырдың 1-ші онкүндігі
- кененің 1-ші ұрпағы шығуы арам шөптерде - мамырдың 2-ші онкүндігі
- шағылысуы - мамырдың 3-ші онкүндігі
- кененің 2-ші ұрпағы шығуы арам шөптерде - маусымның 2-ші онкүндігі
- шағылысуы - маусымның 3-ші онкүндігі
- кененің 3-ші ұрпағы шығуы арам шөптерде - шілденің 1-ші онкүндігі
- шағылысуы - тамыздың 1-ші онкүндігі
- кененің 5-ші ұрпағы шығуы егістіктерде - тамыздың 2-ші онкүндігі
- шағылысуы - тамыздың 3-ші онкүндігі
- Кененің 6-шы ұрпағы шығуы егістіктерде - қыркүйектің 1-ші онкүндігі
- Шағылысуы - қыркүйектің 2-ші онкүндігі
- Кененің 7-ші ұрпағы шығуы егістіктерде - қыркүйектің 3-ші онкүндігі

2021 жылы облыстың қант қызылшасын өсіруші шаруашылықтарында өрмекші кенелердің қыстық орындарынан шығып, арамшөптерде қоректенуіне көктемгі тексеру жұмыстары 31 наурыз бен 14 сәуір аралығында жүргізілді.

Қыстап шыққан аналық өрмекші кенелердің физиологиялық жағдайын анықтау жұмыстары аяқталған бетте, жүйелі бақылау жұмыстары жалғасты.

Биылғы жылы кенелердің ерте көктемде арамшөптерде қоныстануы кеш байқалды.

2021 жылы өрмекші кененің ауылшаруашылық егістіктерде қоныстануына жазғы тексеру жұмыстарының басталуы 30 шілде күні өтті, себебі қант қызылшасы алқабында өрмекші кененің даму кезеңі және зияндылығы тамыз айында байқалады. Сондықтан мониторингтік тексеру жұмыстарын шілде айының соңы тамыз айында жүргізілді.

Өрмекші кенені қыстық орындарында анықтау мақсатында күзгі тексеру жұмыстары 7-30 қыркүйек аралығына жүргізілді. Келер жылы өрмекші кенесімен зақымдалатын егіс алқабының көлемін болжау мақсатында алқаптардан 10 сынама алу арқылы зерттеулер жүргізілді (50x50 см). Өсімдік қалдықтары талданып, топырақтың жоғарғы қабаты тексеріліп, сол арқылы 1 м² -де қыстап жатқан зиянкестер қоры анықталды.

Қант қызылшасы дақылының зиянкестерден қорғау жүйесі агротехникалық, химиялық күрес әдістерін қамтиды. Ауыспалы егісті ендіру және дақылдар егу кезегінің ретін сақтау, егістік танаптарды және олармен шектес арық бойы, жол жағаларында арам шөптерді жою, өнімді жинап алған соң егістік жерді өсімдік қалдықтарынан тазалап, терең етіп сүдігер жырту. Ерте көктемде (наурыз, сәуір айларында) өрмекші кенені жою үшін егістердің айналасындағы арам шөптерді (1 шаршы метр жерге келетін кененің саны 20 данадан асқанда) нитрофеннің 65% пастасымен (40-75 кг/га+1000л су) бүрку қажет. Кенелерге қарсы екінші, үшінші және одан кейінгі жою шаралары кезінде мынадай препараттарды қолдануға болады: аполло, 50% с.к. (0,4-0,6л/га), актеллик, 50%к.э.(0,3-1,5л/га), Би-58, 40%к.э. (1,5-2,5л/га), вертимек, 1,8% к.э. (0,3л/га), данитол, 10% к.э. (1,0-1,5л/га), **золон, 35% к.э. (2,0-3,0л/га)**, неорон, 50% к.э.(1,5- 2,0л/га). Жұмсалатын жұмыстық сұйықтықтың мөлшері 600 л/га.

Өрмекші кененің алғашқы ошақтары пайда болған кезде фитосейлюсті жіберу (50 зиянкеске 1 жыртқыш есебінен) немесе **битоксибацилиннің ерітіндісін (15-20 кг) бүрку**.

Қызылша плантацияларындағы өрмекші кенелермен күресу үшін екі түрлі препарат тәжірибе үшін алынды. Бірінші биологиялық препарат Битоксибацилинерітіндісі, екінші химиялық препарат ЗОЛОН, 35% к.э. алынды. Екі препараттың биологиялық тиімділігі 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Препараттардың өрмекші кенеге қарсы биологиялық тиімділігі, 2021ж.

Препарат	Зиянкестер саны, дана/м ²		Биологиялық тиімділігі, %
	Өңделгеннен соң	Өңделмеген танап(бақылау)	

Битоксибацилин ерітіндісі	0,53	5,0	65,7
ЗОЛОН, 35% к.э. (фозалон, 350 г/л) 0,53 3,0 82,3	0,35	5,0	82,3

Қорытындылай келе,биологиялық препарат Битоксибациллин ерітіндісінің биологиялық тиімділігі 65,7% ды ,ал химиялық препарат ЗОЛОН,35% к.э. биологиялық тиімділігі 82,3%-ды құрап отыр.Екі препараттың биологиялық тиімділігінің айырмашылығы 16,6%.Биологиялық тиімділігінің пайыз мөлшеріне қарайтын болсақ химиялық препаратпен өңдеген тиімдірек. Дегенмен де,биологиялық препарат адамдар, сүтқоректілер мен құстар үшін жоғары қауіпсіз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Тілменбаев Ә., Жармухамедова Г. Энтомология. -Алматы, 1994.-334б.
- 2 Исмухамбетов Ж.Д. Сахарная свекла.Экономические пороги вредителей сахарной свеклы // Вестник с/х наук Казахстана. Алматы, 1987 г.-39 с.
- 3 Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.Қ., Серикпаев Н.А. «Өсімдік шаруашылығы» Алматы: «Қайнар», 2009.
- 4 Методические указания по учету и выявлению вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных угодий. Коллектив авторов. Ответственный за выпуск Сулейменова З.Ш. Астана, 2009.
- 5 Список пестицидов (ядохимикатов), разрешенных к применению на территории Казахстана на 2013-2022 гг. – Астана, 2013